



«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-інің еншілес компаниясы «SMART-маман» оқу орталығы 2019 жылғы 17 сәуірде ашылған. Оқу орталығының базасында су шаруашылығы, геоақпарат технологияларын ендіру және инженерлік коммуникацияларын компьютерлік модельдеу бағдарламалары, сумен жабдықтау және су бұру бойынша мамандар дайындайды. Осы орталықтың директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Ордабай Затайұлы Сембиевпен кездесіп, сумен жабдықтау және су бұру саласының кәсіби кадрларды дайындау бойынша сұхбаттастық.




– Жалпы Қазақстандағы сумен жабдықтау және су бұру саласы бойынша кадр даярлау жұмысын қалай бағалайсыз?

– Су ресурстары саласы бойынша елімізде көп маман дайындала бермейді. Бұл салаға қаламызда М. Әуезов атындағы ОҚУ-да және Алматы қаласындағы Сәтбаев атындағы политехникалық университетінде, сосын Шығыс Қазақстандағы унисерситетте оқытады. Сондықтан да маман саны аз. Оның үстіне жеке мамандық есебінде кейбір жерде беріле бермейді. Мәселен, М. Әуезов атындағы ОҚУ-да құрылыс мамандықтарының арасында су ресурстары мамандығы білім бағдарламасы ретінде танылған. Бұрын көріз жүйесіне арналған арнайы мамандық болатын. Қазір сондай мамандық бойынша маман дайындалмайды. Сондықтан да маман тапшылығы болып жатыр. Осындай кемшіліктің орнын толтыру мақсатында 2019 жылы сәуір айында «Smart-Маман» оқу орталығы ашылған. Бұл «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС мамандарын қайта дайындайды. Біліктілігін жоғарлатады. Және сур арнасында сол саланың маманы болмаса да уақытында маман жетіспегенінен жұмыс істеп жүрген адамдар болу мүмкін. Яғни жұмысқа қабылданған басқа маман иелерін екінші мамандық ретінде компания есебінен оқыту жоспарланған.

– Кадр даярлау сапасын жақсарту

## Су шаруашылығы мамандарын оқытатын орталық



үшін не істеу қажет? Ойыңыз қалай?

– «Smart-Маман» оқу орталығында 32 бағыт бойынша оқытады. Суды пайдалану, бұру, автоматтандыру және геоақпараттық жүйе деген пайда болды. Сол алаға да дайындалады. Цифрландыру мәселесі бойынша қайта дайындаудан өтуіне болады. Сонымен қатар, ел аралап жүретін бақылаушыларға психологиялық тренингтер өткізіледі. Өйткені бұл адамдар неше түрлі тұрғындармен жұмыс істейді. Бір адамның көңіл-күйі болмауы мүмкін, бір жерде жұмыс толық атқарылмаудан адамдар ашулы болу мүмкін деген сияқты жағдайларда адамдардың тілін тауып жұмыс істей алуы үшін бұл маңызды. Су арнасының бірнеше еншілес компания мамандары да бізге ұсыныспен шығады. Тақырыбын ұсыну арқылы қайта дайындаудан өткізу жайлы ұсынады. Біздің 32 бағытымыз бойынша арнайы курс өткізіледі. Одан кейін оларға арнайы куәлік беріледі. Біздің «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің елімізде ең алдыңғы компания екені белгілі. Осыны білген соң біздегі жақсы бағытты үйренуге «Алматы су ресурстары» компаниясы келіп оқып кетті. Олар біздің компанияның автоматтандыру, цифрландыру бойынша көп ілгері екенін, үйренетіндерін айтты.

– Салалық кәсіпорындарға кадр дайындаумен кім айналысуы керек, бұған кім жауапты болуы керек? Мемлекет пе әлде кәсіпорындардың өзі ме?

– Екеуі де айналысуы керек. Қазір маман дайындау мемлекет есебінен болып жатқаны белгілі. Оған арнайы қаржы да бөлініп жатыр. Грант саны да жылдан-жылға көбейіп жатыр. Тек мемлекетке қарауға болмайды, кәсіпорын да жасап жатқан жұмысына байланысты, қажетіне байланысты ұсыныс жасап отырса, осылайша бірлесіп істесе нәтиже болады. «Оқу орны маман дұрыс дайындай алмайды», ендібірі «жұмысшалайр өлсіз» деп айтады. Негізі оқу орындары да маман даярлап жатыр. Жұмысшалайр да қызмет етіп жатыр. Бұл жерде бастысы екеуі бірлесіп, жақсы нәтижеге жұмыс істеу керек.

– Оқу орталықта қанша сағаттық көлемде білім бересіздер?

– Біздің орталық міндеті – маман

даярлау емес, білктілігін жетілдіру. 32 бағыттың әрқайсысы 40 сағаттық көлемде білім береді. Біз осы 32 бағыттан бөлек тағы қосымша бағыт қосуды жоспарлап отырмыз. Біз цифрландыру саласында езімізді әлде де маман дайындағымыз келеді. Цифрландыру жүйесі елімізде жақсы жұмыс істеп тұрса да оны пайдалану деңгейі бізде төмен. Адамдар смартфонның мүмкіндігін дұрыс пайдаланса деп отырмыз. Біз енді смартфонмен телеграм каналы арқылы төлем жүйесінің мәселелері бойынша ақпарат алатын мүмкіндігі бар. Біз келешекте адами факторды жоқ қылатын бағытта жұмыс істеп жатырмыз.

– Қазіргі таңда оқу орталығында қандай оқу процессі жүріп жатыр?

– Біздің оқу процессінің басым көпшілігі суды пайдалану мен суды бұруға бағытталған. Егер сол салаға тереңірек маманданамын деген адам келіп оқуға болады. Қазір суды пайдалану, бұру және бұру мен пайдалануды қосып оқытатын процесс жүргізіліп жатыр. Оның ішінде судың келе жатқан қысымын автоматты түрде алыстан бақылап, ақпаратты алып отыратын жүйе бар. Осы мәселе бойынша да оқу процесі жүріп жатыр.

– Шетелдік техникалық оқу орындарымен серіктестік туралы толығырақ айтып берсеңіз екен?

– Біз тәжірибе алмасу мақсатында Өзбекстандағы жүйені көріп келдік. Оларда «Спутник» арқылы қай жерде судың артық кетіп жатқанын бақылайтын жүйе бар екен. Соған қызықтық. Және олар бізге де келді. Біздің автоматтандырылған ақпараттық жүйеге қызығушылық танытты. «Сіздерден үйренеміз» деп кетті. Одан кейін кенеттен болған авариялық жағдайларға байланысты слесарьлар дайындайтын мамандар бізде аз болады. Біз көбіне жоғары мамандарға көп көңіл бөлеміз да арнайы жұмысшы мамандарға көп көңіл бөлмейді екенбіз. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін Санкт-Петербургте мемлекеттік бюджеттік кәсіптік мекеме саналатын Су ресурстары колледжбен байланыс орнатып, келісімшарт жасалды. Тәжірибесін алып қолданып жатырмыз. Сол колледжде 5 азаматымызды маман дайындаудан өткіздік. Куәлігін алды. Қашықтықтан оқу жүйесі

бойынша куәлік алды.

– Кәсіпорын мамандарының біліктілігін арттыру бойынша курстарды кім жүргізеді?

– ОҚУ-да су шаруашылығы мамандарын дайындайтын мамандық бар. Сол кафедрамен тығыз байланыстамыз. Ол жердің профессор доценттерімен жұмыс істейміз. Және су арнасында бұрын істеген тәжірибелі мамандарымыз тәжірибесімен бөліседі.

– Оқу орталығының ғылыми сынақ зертханасы туралы айтып берсеңіз екен?

– Бізде ғылыми зертхана бар. Оған тәжірибеге келген студенттер, магистранттар жұмыс барысында әртүрлі зерттеу жасайды. Арматураға, трубаға қандай қысым болатынын зерттейтін, өлшеу құрылымдарының қалай жұмыс істейтінін, солардың схемаларын жасайтын лаборатория бар. Жалпы ғылым мәселеден шығады. Су ресурстарында мәселе пайда болса, соны жою мақсатында ғылыми бағыт пайда болады. Осы мақсатта жұмыс істейтін 6 лаборатория бар. Бәрі соңғы үлгідегі техникалық жабдықпен жабдықталған.

– Басқа қаладан білімін жетілдіруге келетін мамандар ақы төлей ме?

– Иә, басқа қаладан келетін мамандарға ақылы болады. Біз барлық облысқа оқу орталығымыздың бағытын айтып, хат жібергенбіз. Мұндағы мақсатымыз да азаматтарды бізге шақыру еді. Азаматтардың оқитын сағатына байланысты бағасы есептеледі. Бізде жатақхана да, қонақ үйде бар.

– Білім алушыларға дәріс беруші тәжірибемен алмасушы ретінде маманды тек өздеріңіз шақырасыздар ма әлде ұсыныс жіберуге бола ма?

– Ұсыныс жіберсе, әрине қуанамыз. Егер ол адам біздегі бар мамандық бойынша тәжірибе алмасуға келсе, қуана қарсы аламыз. Ал біздегі жоқ жаңа технологияны үйрету болса, тіпті қуана қарсы аламыз. Шақырамыз, ақысын төлейміз. Арнайы келісімшарт жасалып, сағатқа сай ақысы төленеді.

Сұхбаттасқан – Жанерке Хумар